

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНҒА ЭВАКУАЦИЯЛАНҒАН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

Д.А. ЖҰМАҒАЛИЕВ,

*Мемлекет тарихы институты,
кіші ғылыми қызметкер, тарих магистрі
Астана қ., Қазақстан*

Германияда өкімет басына фашистердің келуі және олардың Еуропадағы агрессияшылдық іс-әрекеттері Кеңес Одағы мен Германияның арасында соғыстың болмай қоймайтындығын айқын көрсетті. 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия өзара шабуыл жасаспау жөніндегі кеңес-герман шартын бұзып, неміс армиясы соғыс жарияламастан, КСРО аумағына баса-көктеп кірді. Осылайша, әлем тарихындағы соғыстардың ішіндегі ең қатал әрі ауыр соғыс басталды. 1941–1945 жылдары Кеңес Одағында жүргізілген тұрғындарды жаппай эвакуациялау ауқымы, мерзімі және өткен жағдайына қарай әлем елдері мен халықтары тарихында болмаған жағдай болатын.

Соғыс басталғаннан кейін бес күн өткен соң, елдің біраз аумағы фашистік Германияның қол астында еді, осыған байланысты КСРО БКП «Адам құрамы мен бағалы мүлікті көшіру және орналастыру тәртібі» атты арнайы қаулы қабылдаған болатын. Эвакуациялау кеңесі құрылып, тасымалдаудың тәртібі мен кезегін әзірлеумен, тамақтандыру және медициналық көмекпен қамтамасыз етумен айналысты. Жолаушылар вагондары жетіспегендіктен, эвакуациялауға икемделген тауар вагондары арқылы да жүзеге асырылды [1].

1942 жылы Қазақстанға эвакуацияланғандардың толқыны келді. Мәселен, Алматы облысына 64797, Ақмола облысына 18940, Ақтөбеге 25749, Шығыс Қазақстан облысына 21776, Атырауға 8477, Жамбылға 46333, Батыс Қазақстан облысына 39549, Қарағандыға 26116, Қостанайға 31140, Қызылордаға 43891, Павлодарға 1809, Солтүстік Қазақстан облысына 31358, Семейге 28267, Оңтүстік Қазақстан облысына

48446, Алматы қаласына 26304, барлығы 479242 адам келді [2]. Демек, көші-қон процестерінің қарқынды жүруі 1940 жылдары соғыс жағдайымен байланысты болды. Қазақстанның өзі одақтас республика ретінде майдан арсеналына айналды. Соғысқа аттанғандар өз алдына, тыл жұмысында да көптеген адамдар жұмыс істеді.

Міне, осындай эвакуацияланғандардың көші-қондық толқыны 1942 жылы да жалғасын тапты. Осы жылы Алматы облысына 12759, Ақтөбе облысына 5539, Ақмолаға 4313, Шығыс Қазақстанға 8587, Атырауға 40, Жамбылға 14342, Батыс Қазақстанға 10648, Қарағандыға 2829, Қызылордаға 4869, Қостанайға 4697, Павлодарға 5049, Солтүстік Қазақстанға 7274, Семейге 11344, Алматыға 12264, барлығы 104574 адам көшіріліп орналастырылды.

1942 жылы 1 қаңтарда республикаға жоспарланған 722 мың эвакуацияланушылар мен 479 мың қоныс аударушы немістердің орнына 386492 адам эвакуацияланып, 102533 поляктар мен 361244 немістер қоныс аударылды. Осы көші-қон қозғалысында Қазақстанның барлық облыстарына орналастырылды. Дегенмен де, басым көпшілігі – 533140 адам, яғни 62,7%-ы екі аймаққа мынадай көрсеткіште орналастырылды: оңтүстікке 273548 адам, 30,5% бөлінді. Оның ішінде облыстарға төмендегідей орналасты: Оңтүстік Қазақстан – 93984 адам, яғни 11,05%; Жамбыл – 70696 адам – 8,3%; Алматы – 63557 – 7,5%; Қызылорда – 41446 – 4,9%; Алматы қаласы – 3805 – 0,45%; Ақмолада – 99583 – 11,7%; Солтүстік – 86060 – 10,1%; Павлодар – 73949 – 8,7%. Көші-қонның қалған үштен бірінен астамы (37,3%) Батыс, Шығыс (113870 – 13,5%) және Орталық аймақтарға келді. Бұл аймақтардың осы көші-қондағы үлесі мынандай болды: Қостанай – 74993 адам – 8,8%; Батыс Қазақстан – 37182 – 4,4%; Ақтөбе – 34115 – 4,0%; Гурьев – 9278 – 1,1%; Семей – 73838 – 8,7%; Шығыс Қазақстан – 45035 – 5,3%; Қарағанды – 42675 – 5,0%. Немістердің басым көпшілігі Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай және Семей облыстарына орналасса, поляктардың көбі Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарына барды.

1942 жылы республикаға 528210 адам эвакуацияланып, осы жылы 44061 адам республикадан тысқары жаққа реэвакуацияланды. 1943 жылдың 1 қаңтарына қарай 484149 адам республикада тұрақтап қалды. Оның ішінде: қалаларда 162982, ауылдарда 321167 адам. Жыныстық-жастық ерекшеліктеріне қарай былай бөлінді: еркектер – 86839 (17,9%), әйелдер – 213944 (44,2%), 14 жасқа дейінгі балалар – 146990 (30,4%), 14–16 жас аралығындағылар – 3637 (7,5%) адам болды. Яғни эвакуацияланғандар негізінен әйелдер мен балалар. Өкінішке орай, эвакуацияланғандардың барлығының ұлттық өкілдерін анықтауға мүмкіндік жоқ. Алайда 1941 жылдың 30 қазан айына дейінгілердің ұлттық құрамын көрсетуге болады. Бұл кезде одақтың батыс аймақтарының 32 елді мекенінен 161323 адам келген. Бұлар негізінен еврейлер 97,5%, орыстар 46,5%, украиндар 32,0%, беларустар 2,5% болса, қалған аз топты 2,5% поляктар, немістер 0,3%, латыш және эстондар 0,2%, литвалар 0,1%-ды құрады.

Эвакуацияланғандардың көпұлттылығы Қазақстандағы жұмысшы ұжымдарының көпұлттылығына әсер етті. Мәселен, Шымкент зауытындағы 1027 адамның 64,8%-ы орыс, 3,8%-ы қазақ, 8,5%-ы өзбек, қалған ұлттар 22,9% болды. Сол сияқты, Ақмоладағы Қазақ ауыл машинасы зауыты жұмысшыларының 1944 жылғы құрамы мынандай болды: 49,5% қазақтар, 15,0% өзбектер, 16,0% еврейлер, 10,2% орыстар, 8,0% поляктар және тағы басқалары бар еді.

Ал 1943 жылы эвакуацияланғандар Алматы облысында – 64897, Ақтөбе – 21537, Ақмола – 25864, Шығыс Қазақстан – 40487, Қарағанды – 26288, Қызылорда – 31200, Қостанай – 44594, Павлодар – 18147, Солтүстік Қазақстан – 32144, Семей – 28974, Оңтүстік Қазақстан – 47038, Алматы – 26304, барлығы – 484149 адам болды [3]. 1943 жылы эвакуацияланғандардың қандай жерлерден келгендігі жөнінде мұрағат деректерінде көрсетілген.

Қазақстанға эвакуацияланғандар негізінен Кеңес Одағы кеңістігінен болды. Мәселен, Белоруссиядан – 24687, Украина – 155206, Молдавия – 10431, Литва – 1729, Латвия – 1984, Эстония – 707, Карел-фин

жерінен – 2711, Ленинград қаласы – 16632, Ленинград облысы – 11651, Мурманск облысы – 2880, Калинин облысы – 3451, Смоленск облысы – 5228, Мәскеу қаласы – 32628, Мәскеу облысы – 14302, Тула облысы – 7498, Орлов облысы – 5161, Курск облысы – 9050, Воронеж облысы – 9898, Ростов облысы – 9089, Қырым – 9477, басқа облыстар – 149739, барлығы – 484149 адам келді [4].

Эвакуацияланғандардың бір тобы Ақтөбе облысының 10 ауданына орналастырылды: Мартөк ауданына – 3780 адам, Қобда ауданы – 905, Ключевой – 2483, Джурнаком – 993, Темір ауданы – 928, Новороссийскі – 713, Степной – 1056, Роднинскі – 200, Шалқар – 982, Ақтөбенің қалалық аудандарына – 4871 адам қоныстанды [5]. Демек, көші-қондық қозғалыс республикааралық ауқымда жүргендігі байқалады.

Жалпы, эвакуациялау қатал сынақпен шығындарға толы өтсе де, миллиондаған кеңестік азаматтар фашистердің қолынан жойылу мен басқа да қауіп-қатерден құтылып, беріспей аман қалып, соғыс кезеңінің барша ауыртпашылығын көтере білді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Население России в XX веке. Т. 2. М., 2001. С. 65.
2. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 17-іс, 3-п.
3. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 17-іс, 5-п.
4. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 17-іс, 11-п.
5. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 16-іс, 40-п.